


## САБАҚ ЖОСПАРЫ

<b>Пән</b>	Химия
<b>Мұғалім</b>	Хасенова Светлана
<b>Мектеп, сынып</b>	Ақтөбе қаласы, №1 орта мектебі, 10-сынып
<b>Сабақ тақырыбы</b>	Йод




www.bilimland.kz

Түйінді идеялар	Йод крахмалды көгертеді, қалқанша безінің ауруы йод жетіспеушіліктен пайда болады.
Мақсаты	<b>Білу:</b> Йодтың мекен-жайын, таңбасын білу <b>Түсіну:</b> Йодтың физикалық, химиялық қасиеттерін, алынуы мен қолданылуын түсіну. <b>Қолдану:</b> Йодтың адам өмірінде қолданылуымен танысу.
Тапсырмалар	1. Ынтымақтастық атмосферасын құру (дыбыстық жаттығу). 2. Өткен тақырыпты қайталау: а) сұрақтар қою. ә) семантикалық карт.а 3. Топқа бөлу: би арқылы. 4. Тақырыпты ашу. 5. Мәтінмен жұмыс. 6. Йод туралы түсінгендерін суреттермен бейнелеу (жұптық жұмыс). 7. Қорытынды тест (сабақты бекіту). 8. Кубизм әдісі (жеке жұмыс). 9. Құзырлы тапсырма. 10. Кері байланыс.
Әдіс-тәсілдер	Топтық, жұптық, жеке жұмыстар
Күтілетін нәтиже	1. Йодтың мекен-жайын, таңбасын біледі. 2. Йодтың физикалық, химиялық қасиеттерін, алынуы мен қолданылуын түсінеді. 3. Алған білімдерін тапсырма орындауда қолданады.
Сабақтың барысы	
	Ұйымдастыру кезеңі – дыбыстық жаттығу Өткен тақырыпты қайталау: сұрақтардың түрлері, семантикалық карта, тест арқылы  <a href="http://www.itest.kz/exam_test?test_id=805322820">http://www.itest.kz/exam_test?test_id=805322820</a> Семантикалық карта:

Жәй заттың аты	Формуласы	Физикалық қасиеттері	Қосылыстары	Қолданылуы	F, Cl, Br, At
Фтор					
Бром					
Хлор					
Галогендер					

Оқушылар өз-өздерін бағалайды.  
Топқа бөлу.

Тақырыпты ашу	Қалқанша безінің ауруы туралы мәлімет оқу <a href="http://www.bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/10465-galogender/">http://www.bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/10465-galogender/</a> “Галогендердің адам ағзасында кездесуі”.
Топтық жұмыс	Мәтінмен жұмыс, постерлер қорғау, топтар бір-бірін екі жұлдыз, бір ұсыныс арқылы бағалау.
Жұптық жұмыс	Иод туралы білгендерін суреттеу, бұл кезде жұптарда өзара бағалау жүреді.
Жеке жұмыс	Қорытынды тест.  <a href="http://www.itest.kz/exam_test?test_id=805322820">http://www.itest.kz/exam_test?test_id=805322820</a>  <ol style="list-style-type: none"> <li>1. Қызылша қанты? а)крахмал ә)глюкоза б)сахароза</li> <li>2. Картопта болатын органикалық зат? а)крахмал ә)глюкоза б)сахароза</li> <li>3. Жүйкені тыныштандыратын дәрілер құрамында болатын химиялық элемент? а)хлор ә)фтор б)бром</li> <li>4. Лимонда, асқабақта, сәбізде болатын қышқыл? а)аскорбин қышқылы ә)алма қышқылы б)сүт қышқылы</li> <li>5. Темекі түтінінде кездесетін радиоактивті элемент? а)селен ә)теллур б)полоний</li> <li>6. Жемсау немесе зоб ауруы қай элементтің жетіспеушілігінен туындайды? а)хлор ә)фтор б)иод</li> <li>7. Күнделікті тағамға қолданылатын тұз? а)натрий сульфаты ә)натрий хлориді б)натрий нитраты</li> <li>8. Гемоглобин құрамында қай элемент жетіспеушілігінен қаназдық (анемия) ауруына ұшырайды? а)магний ә)темір б)калий</li> </ol>

Жеке жұмыс	<p>Құзырлы тапсырма</p>  <pre> graph TD     A(Элементтің биологиялық ролі) --&gt; C(• ИОД)     B(Қандай азық-түліктің құрамында кездеседі) --&gt; C     C --&gt; D(Ағзадағы элементтің мөлшері)   </pre> <p>1-Есеп <a href="http://www.bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/10465-galogender">http://www.bilimland.kz/index.php/kz/catalog/lesson/10465-galogender</a></p> <p>Жүзу бассейніндегі судағы еркін хлордың ұйғарынды құрамы 0.25 мг/л. Осындай ерітіндінің молярлық концентрациясын есептеңіз. Бастапқыда жүзу бассейніндегі 1 л суда болатын хлордың моль санын есептеңіз. Хлордың ондық бөлшекке дейін жуықталған молярлық массасын қолданыңыз. Нәтижені екі мәнді цифрға дейін жуықтап көрсетіңіз.</p> <p>2-Есеп</p> <p>Құбыр суының үлгісіне талдау жүргізілді және оның 0.0015 г/л хлордан тұратыны анықталды. Хлордың құрамын миллиондық үлеспен (ppm) есептеңіз. Өте қатты сұйылтылған ерітінді үшін 1 мл = 1 г болып қабылданған.</p> <p>Оқушылар өз-өздерін бағалайды</p>
Рефлексия	<p>Не қиын болды?          Не ұнады?          Нені өзгертер едің?</p>
Бағалау	<p>Әр оқушы алдарындағы бағалау парақшасына әр кезең бойынша өзінің бағаларын қойып шығады. Мұғалім өзі қойған бағасымен оқушы бағасын қорытындылап журналға қояды.</p>
Үй тапсырмасы:	<p>7.14, 4-8 есептер</p>